

**«Еуразиялық сауда жүйесі»
тауар биржасы» АҚ**

Жеке қаржылық есептілік

2025 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жыл үшін және Тәуелсіз
аудитордың қорытындысы

Мазмұны

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың растауы

Тәуелсіз аудитордың қорытындысы

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кірістер туралы есеп.....	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	4
Қаржылық есептілікке ескертпелер.....	5

«Еуразиялық сауда жүйесі» тауар биржасы» АҚ басшылығы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған кезеңдегі оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және меншікті капиталдағы өзгерістерді Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсететін қаржылық есептілікті дайындау үшін жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды дәйекті қолдану;
- негізделген бағалар мен есептеулерді қолдану;
- ҚР заңнамасының және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарын сақтау;
- мұндай жорамал заңсыз болған жағдайларды қоспағанда, Компания өз қызметін таяу болашақта жалғастырады деген жорамалға сүйене отырып, қаржылық есептілікті дайындау үшін жауапты болады.

Басшылық сондай-ақ:

- Компанияда ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау, оның кез келген сәтте Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдік дәрежесімен дайындау және қаржылық есептіліктің басшылық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қабілеті;
- өз құзыреті шегінде Компанияның активтерін қорғау және алаяқтық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін шаралар қабылдау үшін жауапты болады.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін осы қаржылық есептілік 2026 жылғы 31 наурызда шығарылымға бекітілді.

«Еуразиялық сауда жүйесі» тауар биржасы» АҚ Басқармасының атынан


Қ.Ч. Оразаев
Басқарма Төрағасы




К.Ж. Жумаш
Бас бухгалтер

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Бекітемін
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК» ЖШС
Бас директоры
Ш.Е. Құдайбергенова

«Еуразиялық сауда жүйесі» тауар биржасы» АҚ акционерлеріне және басшылығына

Пікір

Біз қоса беріліп отырған «Еуразиялық сауда жүйесі» тауар биржасы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есепті, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есепті, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепті және ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есепті, сондай-ақ есеп саясатының елеулі аспектілеріне шолуды және жеке қаржылық есептілікке өзге де ескертпелерді қамтитын жеке қаржылық есептілікке (бұдан әрі - «қаржылық есептілік») аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы, сондай-ақ 2025 жылғы 01 қаңтарда басталған және 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезеңдегі оның шеккен шығыстары, ақша қаражатының қозғалысы және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес шынайы және объективті ақпаратты білдіреді.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі біздің қорытындымыздың *«Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі»* бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің *кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне* (БХЭСК кодексі) сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және БХЭСК кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

Басқаруға жауапты басшылықтың қаржылық есептілікті дайындауға жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-на сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы жоқ жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығаруға ақылға қонымды сенімділік алу болып табылады.

Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит олар болған кезде әрқашан елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген болжау мүмкін болса, елеулі болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз төмендегілерді орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;

- жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз;

- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бағалау мәндерінің және басшылық дайындығын ақпаратты тиісті ашудың негізділігін бағалаймыз;

- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;

- қаржылық есептілікті тұтастай ұсынуды, ақпаратты ашуды қоса алғанда, оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей етіп білдіре ме дегенге бағалау жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды олардың назарына, оның ішінде аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері және аудитордың назарын аударған маңызды мәселелер туралы, оның ішінде аудит процесінде біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып жүзеге асырамыз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізделген түрде әсер ететін барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдеме береміз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін неғұрлым маңызды болған және аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз.

Біз осы мәселелерді өзіміздің аудиторлық қорытындыда сипаттаймыз, бұл мәселелер туралы ақпаратты жария түрде жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынғанда, немесе өте сирек жағдайларда біз қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс себебі мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарламасынан қоғамдық мәні бар пайдадан асып түседі деп негізді болжауға болады.

Ерлан Арнабеков
«Russell Bedford A+ Partners» ЖАҚ ЖШС
Аудиторы/Серіктесі

Аудитордың біліктілік куәлігінің № МФ-0000549, 24.12.2003 ж.

Шолпанай Құдайбергенова
«Russell Bedford A+ Partners» ЖАҚ ЖШС
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған №18013076 мемлекеттік лицензиясын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2018 жылғы «03» шілдеде берген.

2026 жылғы «31» наурыз

Алматы қ., Қазақстан Республикасы



«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ТАУАР ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ
ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП
(мың тенгемен)

АКТИВТЕР	Еск.	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қысқа мерзімді активтер			
Ақша қаражаты	5	1 552 248	1 301 573
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	6	95 839	158 362
Қорлар	7	1 676	2 912
Ағымдағы салық активтері	8	534	3 298
Өзге қысқа мерзімді активтер	9	36 031	40 991
Қысқа мерзімді активтер жиыны		1 686 328	1 507 135
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	11	598 591	1 185 595
Материалдық емес активтер	12	916 679	921 108
Ұзақ мерзімді қаржы активтері		342 814	12 511
Амортизацияланған құны бойынша қаржы активтері	10	31 844	—
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		1 889 928	2 119 213
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		3 576 256	3 626 348
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ			
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер	13	65 709	33 736
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	14	13 650	12 695
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	15	16 583	9 707
Төленетін дивидендтер		5 567	—
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	16	3 884	2 836
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		105 393	58 974
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі		108 865	192 578
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		108 865	192 578
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		214 258	251 552
Акциянерлік капитал	17	2 826 697	2 826 697
Резервтер		272 504	517 761
Бөлінбеген залал		262 797	30 339
Капитал жиыны		3 361 998	3 374 796
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		3 576 256	3 626 348

«Еуразиялық сауда жүйесі» тауар биржасы» АҚ басшылығының атынан:


К.Ч. Оразаев
Басқарма Төрағасы




К.Ж. Жумаш
Бас бухгалтер

2026 жылғы «31» наурыз



«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ТАУАР ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ
ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП
(мың теңгемен)

	Еск.	2025 жыл	2024 жыл
Қызметтерді өткізуден түскен кіріс	18	935 993	750 624
Өткізілген қызметтердің өзіндік құны	19	(185 750)	(221 149)
Жалпы пайда		750 243	529 476
Сыйақылар бойынша кірістер	20	76 945	17 860
Дивидендтер бойынша кірістер	22	—	69 682
Сыйақылар бойынша шығыстар	21	—	(1 771)
Әкімшілік шығыстар	23	(582 337)	(538 368)
Өзге де кірістер	24	537 637	66 700
Өзге де шығыстар	25	(631 635)	(30 261)
Табыс салығына дейінгі пайда жиыны		150 853	113 319
Табыс салығы бойынша шығыстар	26	(58 739)	(18 717)
Салық салынғаннан кейінгі есепті кезеңдегі кіріс		92 114	94 602
Өзге де жиынтық кіріс		—	—
Есепті кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны		92 114	94 602
 Акцияға шаққандағы пайда (теңге)	27	 32,57	 33,20

«Еуразиялық сауда жүйесі» тауар биржасы» АҚ басшылығының атынан:

К.Ч. Оразаев

Басқарма Төрағасы



К.Ж. Жумаш

Бас бухгалтер

2026 жылғы «31» наурыз

Ескертпелер

осы

қаржылық

есептіліктің

ажырамас

бөлігі

бөлігі

қосымша



«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ТАУАР ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ
ЕСЕП
(мың тенгемен)

	2025 жыл	2024 жыл
Операциялық қызметтен ақша қаражатының ағыны:		
Қызметтерді сату	1 590 236	728 271
Депозиттер бойынша сыйақылар	36 450	15 428
Өзге де түсімдер	1 153	—
Жалақы бойынша төлемдер	(311 694)	(316 359)
Бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төлемдер	(281 319)	(179 963)
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер	(236 408)	(282 416)
Өзге де төлемдер	—	—
Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшаның таза қозғалысы	798 418	35 039
Корпоративтік табыс салығы	(10 809)	(28 994)
Операциялық қызметтен түскен ақшаның таза қозғалысы	787 609	(64 033)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қозғалысы:		
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(20 896)	(31 800)
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	—	22 706
Акцияны сатып алу	—	1 034 764
Инвестициялық қызметтен түскен ақшаның таза қозғалысы	(20 896)	1 025 670
Қаржылық қызметтен түскен ақша қозғалысы		
Қарыздарды өтеу	(31 844)	(62 000)
Қарыздар бойынша сыйақыларды өтеу	—	(9 465)
Қаржылық көмек көрсету	(296 534)	(12 500)
Берілген қарыздар бойынша сыйақылар	391	—
Дивидендтер төлеу	(186 703)	20 357
Қаржылық қызметтен түскен ақшаның таза қозғалысы	(514 690)	(63 608)
Ақшадағы таза өзгеріс	252 023	898 029
Валюта айырбас бағамының теңгеге әсері	(1 659)	16 570
Жыл басындағы ақша қаражаты	1 301 573	388 440
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша бағалау резерві	311	(1 465)
Жыл соңындағы ақша қаражаты	1 552 248	1 301 573

«Еуразиялық сауда жүйесі» тауар биржасы» АҚ басшылығының атынан:

К.Ч. Оразаев

Басқарма Төрағасы

2026 жылғы «31» наурыз



К.Ж. Жумаш

Бас бухгалтер

Ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есептің көрсеткіштері ақша қаражатының қозғалысы болып табылмайтын бағалау резервінің қозғалысы көрсетілмей келтірілген, ақпаратты ашу 5-ескертпеде жазылған.


Ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.




«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ТАУАР ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР
ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП
(мың теңгемен)

	Акционерлік капитал	Жабылмаған залал	Капитал жиыны
2024 жылғы 1 қаңтардағы сальдо	1 791 933	(64 264)	1 727 669
Қатысу үлесінің істен шығуы	(22 706)	—	(22 706)
Жиынтық кіріс	—	94 602	94 602
Эмиссияны сатудан түскен кіріс	1 057 470	—	1 057 470
Резервтер	517 761	—	517 761
2024 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	3 344 458	30 338	3 374 796
Жиынтық кіріс	—	92 114	92 114
Төленген дивидендтер	—	(188 625)	(188 625)
Резервтер	83 713	—	83 713
2025 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	3 428 171	(66 173)	3 361 998

«Еуразиялық сауда жүйесі» тауар биржасы» АҚ басшылығының атынан:


К.Ч. Оразаев
Басқарма Төрағасы




К.Ж. Жумаш
Бас бухгалтер

2026 жылғы «31» наурыз

Ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырама бөлігі болып табылады



«ЕУРАЗИЯЛЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР
(мың теңгемен)

1. Жалпы мәліметтер

«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауар биржасы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «Компания») 2008 жылғы 09 желтоқсанда тіркелген және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізеді. Компания «Фондовая биржа РТС» ААҚ ресейлік компаниясы (кейіннен «Московская биржа ММВБ-РТС» КАҚ деп аталды) мен «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» АҚ арасындағы Стратегиялық серіктестік туралы келісім шеңберінде құрылды. Компанияның мақсаты Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған тауар және мерзімді нарықты дамыту, биржалық тауарларға ашық баға белгілеу мен индикаторларды қалыптастыру үшін биржалық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Компанияның Тіркеушісі туралы мәліметтер:

Компания акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуді «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы Компаниямен 2014 жылғы 01 қаңтарда жасалған № 948 шарт негізінде жүзеге асырады.

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай акционерлер Компанияның жай акцияларын ұстаушылар болды:

			2025 жылғы 31 желтоқсан		2024 жылғы 31 желтоқсан	
			Орналас­тырылғ ан акциялардың саны, дана	Орналас­тырылғ ан акциялардың жалпы санының пайызы	Орналас­тырылғ ан акциялардың саны, дана	Орналас­тырылғ ан акциялардың жалпы санының пайызы
QAZ X	жеке	компаниясы	1 694 372	61,3%	1694372	61.3,00%
«РАЙФФАЙЗЕНБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ			138 266	5%	138 266	5%
«Московская биржа ММВБ–РТС» КАҚ (Ресей)			–	–	–	–
«Plankton Invest Almaty» ЖШС			17 187	0,6%	17 187	0,6%
«Санкт–Петербургская Международная Товарносырьевая Биржа» АҚ			85 934	3,1%	85 934	3,1%
«Stock Holding» ЖШС			829 611	30%	1 357 748	76,00%
			2 765 370	100%	1 791 933	100%

Компанияға қатысты бақылауды «QAZ X» жеке компаниясы (Қазақстан Республикасы) жүзеге асырады.

Компания мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Биржалық және клирингтік қызметті ұйымдастыру;
- биржалық тауармен сауда-саттықты ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- биржалық сауда-саттыққа қатысушыларға ұйымдастырушылық, консультациялық, ақпараттық, әдістемелік және өзге де қызметтер көрсету;
- биржалық тауарлар нарығына талдамалық зерттеулер жүргізу;
- биржалық қызмет туралы ақпаратқа жататын баспа өнімін шығару;
- биржалық тауар нарығына қатысушыларды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу курстарын ұйымдастыру;
- Компанияның сауда жүйесін пайдалану;
- биржалық саудаға қатысушылар арасындағы дауларды шешу;
- ҚР заңнамасына сәйкес биржалық саудаға байланысты өзге де қызмет.



«ЕУРАЗИЯЛЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР
(мың теңгемен)

1. Жалпы мәліметтер (жалғасы)

Компания қызметін 2010 жылғы 01 ақпанда Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі тауар биржалары қызметімен айналысуға берген сериясы 1000001 № 0145462 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

Компанияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 050051, Алматы қ., Достық даңғылы, 136, «Пионер» бизнес орталығы, 12-қабат.

Компания жұмыскерлерінің орташа тізімдік саны 2025 жылы - 27 адамды (2024 жылы 23 адам) құрады.

2 Қаржылық есептілікті ұсыну қағидаттары

Жеке қаржылық есептілікті жасауға Компанияның жауапты тұлғалары мыналар болып табылады: Басқарма Төрағасы – К.Ч. Оразаев

Бас бухгалтер - К.Ж. Жумаш

Есепті жыл 2025 жылғы 01 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңді қамтиды.

ХҚЕС сәйкестігі туралы мәлімдеме

Осы жеке қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары комитетінің (ХҚЕСК) түсіндірмелеріне сәйкес дайындалды.

Үздіксіздік қағидаты

Жеке қаржылық есептілік Компания жақын болашақта қалыпты шаруашылық қызметін жалғастырады деген жорамалға сүйене отырып дайындалды, бұл қалыпты қызмет барысында активтердің құнын өтеуді және міндеттемелерді өтеуді көздейді.

Осы жеке қаржылық есептілік, егер Компания үздіксіздік қағидаты негізінде өзінің қаржылық-шаруашылық қызметін жалғастыра алмаған жағдайда қажетті түзетулерді қамтымайды.

Есептеу әдісі

Есептеу қағидаты бойынша жасалған жеке қаржылық есептілік пайдаланушыларды ақша қаражатын төлеумен және алумен байланысты өткен операциялар туралы ғана емес, сондай-ақ болашақта ақша төлеу міндеттемелері туралы және болашақта алынатын ақша қаражатын білдіретін ресурстар туралы да хабардар етеді.

Өлшем валютасы және есептілікті ұсыну

Компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қазақстандық ақша бірліктерінде (теңге) есеп жүргізеді. Осы жеке қаржылық есептілік мың теңгемен берілген.

Осы жеке қаржылық есептілік әділ құны бойынша бағаланатын белгілі бір активтер мен міндеттемелерді қоспағанда, тарихи (бастапқы) құн қағидаты негізінде дайындалған.

3 Есеп саясатының негізгі қағидаттары.

Ақша қаражаты

Ақша қаражаты өзіне қолма-қол ақша қаражатын, банктердегі ағымдағы шоттардағы қаражатты, сондай-ақ депозиттік шоттарда орналастырылған, ақша қаражатының белгілі бір сомасына оңай айналатын және қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған, құн өзгеруінің болмашы төуекеліне ұшырайтын қаражатты қамтиды.

Қаржы активтері

Қаржы активтері

Бастапқы тану кезінде қаржы активтерін жіктеу оған сәйкес Компания қаржы активтерін басқаратын бір бизнес-модель негізінде айқындалады:

- Мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылатын бизнес-модель, оған сәйкес Компания ақша қаражатын және саудалық дебиторлық берешекті ескереді.
- Мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылатын бизнес-модель қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша есепке алуды көздейді.



«ЕУРАЗИЯЛЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР

(мың теңгемен)

3 Есеп саясатының негізгі қағидаттары. (жалғасы)

Қаржы активі амортизацияланған құн бойынша, егер ол төмендегі екі шартқа да жауап берген жағдайда ғана бағаланады:

- актив мақсаты шартта көзделген ақша қаражаты ағындарын алу үшін активтерді ұстау болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады;
- қаржы активінің шарттық талаптарында негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген борыш пен пайыздардың негізгі сомасын ғана төлеуді білдіретін ақша қаражаты ағындарының белгіленген мерзімде туындауы көзделген.

Қаржы активінің амортизацияланған құны - бұл бастапқы тану кезінде қаржы активі бағаланатын сома, борыштың негізгі сомасының есебіне төлемдерді шегере отырып, қосылған немесе шегере отырып, залалға бағалау резервін ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық ставка әдісін пайдалана отырып есептелген көрсетілген бастапқы сома мен өтеу мерзімі басталған кезде төленетін сома арасындағы жинақталған айырма амортизациясының шамасы.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайда мен залалдар пайда немесе залал туралы есепте және өзге де жиынтық кірісте пайданың немесе залалдың құрамында танылады:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер;
- күтілетін кредиттік залалдар және құнсызданудан болған залалдардың қалпына келтірілген сомалары;
- валюта бағамдарының өзгеруінен пайда немесе залал;
- өзге де пайдалар мен залалдар.

Компания қаржы активтерін басқару жөніндегі бизнес-модельді өзгерткеннен кейінгі кезеңді қоспағанда, қаржы активтерін жіктеу оларды бастапқы танығаннан кейін өзгермейді. Мұндай өзгерістер ішкі немесе сыртқы елеулі өзгерістердің салдарынан өте сирек болады деп күтілуде. Компания оның операцияларына қатысты (Компанияның бизнестің белгілі бір бағытын сатып алуы, шығуы немесе тоқтатуы) маңызды қандай да бір қызметті жүзеге асыра бастағанда немесе тоқтатқанда ғана елеулі өзгерістер болуы мүмкін.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Компания барлық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін таниды.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервінің сомасы қаржылық есептілікте осындай активтердің жалпы баланстық құнының азаюы ретінде ұсынылады. Баланстық құнның төмендеуі активтердің тиісті шоттарының контрактив шоты ретінде күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін қалыптастыру есебінен жүзеге асырылады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, үмітсіз деп танылған қаржы активтері бағалау резервінің есебінен есептен шығарылады.

Кейіннен алынған бұрын есептен шығарылған сомаларды өтеу осындай резерв есебінен қалпына келтіріледі. Резервтің өзгеруі пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Әрбір есепті күнге Компания амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің кредиттік құнсыздануы мәніне олардың құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша ақша қаражатының есептік болашақ ағынына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиға болған кезде кредиттік-құнсызданған болып табылады.

Қаржы активінің кредиттік құнсыздануының куәлігі, атап айтқанда, мынадай байқалатын деректер болып табылады:

- эмитенттің немесе контрагенттің едәуір қаржылық қиындықтары;
- шарт талаптарының бұзылуы (мысалы: пайыздарды немесе борыштың негізгі сомасын төлеуден бас тарту немесе жалтару);
- эмитенттің банкроттығы немесе қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдығының жоғары болуы;
- қаржылық қиындықтарға байланысты осы қаржы активі үшін белсенді нарықтың жоғаруы;
- дебиторлық берешектің барлық номиналды сомасын өндіріп алу мүмкін болмайтынын көрсететін дебиторлық берешекті өтеу мерзімдерін ретроспективті талдау.



3. Есеп саясатының негізгі қағидаттары. (жалғасы)

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кезінде Компания практикалық сипаттағы оңайлатуларды пайдаланады. Мұндай активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарды есептеу бағалау резервтерінің матрицасын пайдалана отырып жүргізіледі.

Қаржылық міндеттемелер

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша танылады. Компанияның қаржылық міндеттемелері саудалық және өзге де кредиторлық берешекті қамтиды.

Бастапқы танылғаннан кейін кредиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Кірістер мен шығыстар міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизацияның есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконтты немесе сыйлықақыны, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық шығыстардың құрамына енгізіледі.

Егер міндеттемелер өтелсе, жойылса немесе олардың қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме елеулі ерекшеленетін талаптармен сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемемен ауыстырылса немесе егер қолда бар міндеттеменің талаптары едәуір өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма пайданың немесе залалдардың құрамында танылады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есепте таза сальдо көрсетіле отырып, қаржы активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алу өзара есепке алуды жүргізуге заңды түрде бекітілген құқық болған кезде ғана жүзеге асырылады және таза сома негізінде өтеуді жүргізуге немесе активті міндеттемені реттеумен бір мезгілде өткізуге ниеті бар.

Еншілес ұйымдарға инвестициялар

Жеке қаржылық есептілікте еншілес ұйымдарға инвестициялар бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Еншілес ұйымдардан дивидендтер пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозуды және құнсыздану бойынша жинақталған залалдарды шегергендегі бастапқы құны бойынша жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі. Негізгі құралдардың бастапқы құны сатып алу құнын, оның ішінде импорттық баждар мен өтелмейтін салықтарды, сондай-ақ активті жұмыс жағдайына келтіруге және оны нысаналы пайдалану орнына жеткізуге байланысты кез келген тікелей шығындарды қамтиды.

Негізгі құралдарды кейінгі бағалау кез келген жинақталған амортизацияны шегере отырып, бастапқы құны бойынша есепке алу моделі бойынша жүргізіледі.

Әрбір есепті күнге бастапқы танылғаннан кейін Компания негізгі құралдар құнының төмендеу белгілерінің болуын айқындайды. Егер осындай ең болмағанда бір белгі анықталса, Компания өтелетін соманы бағалайды, ол екі шаманың: активтің таза сату бағасының және оны пайдаланудың құнының ең үлкені ретінде айқындалады. Активтің баланстық құны өтелетін сомаға дейін азайтылады, ал айырма пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есепте шығыс (құнның төмендеуінен болатын залал) ретінде көрсетіледі.

Өткен есепті кезеңдерде танылған актив құнының төмендеуінен болған залал, егер өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылған бағалардың өзгеруі орын алса, түзетіледі



«ЕУРАЗИЯЛЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР
(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі қағидаттары. (жалғасы)

Тозу төменде көрсетілгендей пайдалы қызметтің есептік мерзімі ішінде тік сызықты әдіс негізінде есептеледі:

Ұтымды пайдалану мерзімі (жыл саны)

Ғимараттар	60
Машиналар мен жабдықтар	2–12,5
Көлік	7–14
Кеңсе жабдықтары мен компьютерлер	2,5–7
Басқалар	2–12,5

Жерге амортизация есептелмейді. Негізгі құралдар объектісін тану ол істен шыққан кезде немесе оны пайдаланудан немесе істен шығарудан болашақ экономикалық пайда алу бұдан әрі күтілмеген кезде тоқтатылады. Активті тануды тоқтату кезінде туындайтын кез келген пайда немесе залалдар (істен шығудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелген) активті тану тоқтатылған жылы пайдаға немесе залалға қосылады.

Жөндеу мен қызмет көрсетуге арналған шығындар сияқты негізгі құралдарды пайдалануға енгізгеннен кейін шеккен шығындар әдетте осы шығындар туындаған кезеңдегі пайдаға немесе залалға жатқызылады. Негізгі құралды пайдаланудан күтілетін болашақ экономикалық пайданың оның бастапқы бағалау көрсеткіштерінен тыс ұлғаюына әкелетін шығындар негізгі құралдардың қосымша құны ретінде капиталдандырылады.

Материалдық емес активтер

Компанияның материалдық емес активтері бағдарламалық қамтамасыз етулерді және бағдарламалық қамтамасыз етулерді пайдалану құқықтарын қамтиды. Бастапқы тану кезінде материалдық емес активтер бастапқы құны бойынша есепке алынады. Материалдық емес активтер бастапқы танылғаннан кейін жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, өзіндік құн бойынша есепке алынады.

Материалдық емес активтерді ұтымды пайдалану мерзімі не шектеулі, не белгіленбеген болуы мүмкін.

Белгілі бір пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер болжамды мерзім ішінде амортизацияланады.

Ұтымды пайдалану мерзімі белгіленбеген материалдық емес активтер амортизацияланбайды, ал жыл сайын не жеке-жеке, не осы материалдық емес активпен байланысты ақша ағындарын туындататын бөлімше құрамында құнсыздануға тестіленеді.

Пайдалану мерзімі белгіленбеген материалдық емес активті ұтымды пайдалану мерзімі осы активті ұтымды пайдалану мерзімі белгіленбеген активтер санатында ескеруді жалғастырудың қаншалықты қолайлы екенін анықтау мақсатында жыл сайын қайта қаралады. Егер бұл қолайсыз болса, онда ұтымды пайдалану мерзімін бағалауды белгіленбеген перспективадан белгілі бір перспективаға өзгерту жүргізіледі.

Есепті кезеңде материалдық емес активтердің пайдалы қызметінің мынадай мерзімдері қабылданды:

Ұтымды пайдалану мерзімі

(жыл саны)

Бағдарламалық қамтамасыз етулерді пайдалану құқықтары Ұтымды пайдаланудың белгіленбеген мерзімі

Бухгалтерлік есепті жүргізуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету (1С)

1–2

Өзге де бағдарламалық қамтамасыз етулер

Активтердің қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі, амортизация әдісі қайта қаралады және қажет болған жағдайда әрбір қаржы жылының соңында түзетіледі.

Пайдалану мерзімі белгіленбеген материалдық емес активтер жыл сайын құнсыздану мәніне оның баланстық құнын оның өтелетін сомасымен салыстыру арқылы тестіленеді.



«ЕУРАЗИЯЛЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі қағидаттары. (жалғасы)

Активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кеткен жағдайда құнсызданудан болған залалдар танылады. Құнсызданудан болған залалдар пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Айналымнан тыс активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Компания активтердің құнсыздануының қандай да бір белгілерінің болуына бағалау жүргізеді. Егер мұндай белгілер болса немесе құнсыздану мәніне активті жылдық тестілеу жүргізу талап етілсе, Компания активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің өтелетін құны активтің әділ құнының немесе өндіруші бірліктің ең үлкен шамасы өткізуге жұмсалған шығындарды және оның пайдалану құнын шегеру болып табылады және егер актив ақша қаражатының ағынын генерацияламаса, ол едәуір дәрежеде өзге активтерден немесе активтер топтарынан ақша қаражатының ағынына тәуелсіз болса, жеке актив бойынша айқындалады. Активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кеткен жағдайларда актив құнсызданған болып есептеледі және оның өтелетін құнына дейін есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде есептік болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағаларын және активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, ағымдағы құнға дисконтталады. Әділ құнды айқындау кезінде сатуға жұмсалатын шығындарды шегеру кезінде бағалаудың тиісті моделі пайдаланылады.

Жалғасатын қызметтен болатын құнсыздану бойынша шығындар құнсызданған активтің функциясына сәйкес келетін шығыстар санаттарындағы пайда мен залалдарда танылады.

Салық салу

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы және өткен кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органының өтеуі немесе төлеуі күтілетін сома бойынша бағаланады.

Осы соманы есептеу үшін есепті күнге қолданылатын немесе іс жүзінде заңдастырылған салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы пайдаланылады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсатында активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы мен олардың баланстық құны арасындағы уақытша айырмалар бойынша міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, есепті күнге танылады.

Кейінге қалдырылған салық, ол тікелей капиталда немесе өзге де жиынтық кіріс құрамында танылатын баптарға жататын жағдайларды қоспағанда, пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Мұндай жағдайларда ол капиталда немесе өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер барлық шегерілетін уақытша айырмалар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда алынуының елеулі ықтималдығы бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақытша айырмалар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындар.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және егер кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтердің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайда алыну ықтималдығы аз болса, төмендейді. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылмаған активтер әрбір есепті күнге қайта қаралады және болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық бойынша активтерді пайдалануға мүмкіндік беретін елеулі ықтималдық пайда болатын дәрежеде танылады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер актив сатылатын, ал міндеттеме өтелетін есепті жылы, есепті күнгі жағдай бойынша қолданысқа енгізілген немесе іс жүзінде заңдастырылған салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде қолданылатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Биржалық операциялар және өзге де кірістер (шығыстар) бойынша кірістер мен шығыстарды тану

Компания клиенттерге биржалық тауарлармен сауда-саттықты ұйымдастыру және жүзеге асыру жөнінде қызметтер көрсетеді. Қызметтер көрсету сауда брокерлерімен және дилерлерімен белгіленбеген мерзімге жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырылады және орындауға арналған жалғыз міндеттемені қамтиды. Көрсетілетін қызметтердің бағасы Компания белгілеген тарифтерге сәйкес айқындалады. Кірістерді тану әрбір операция үшін бекітілген тарифтерге сәйкес жүргізіледі.



«ЕУРАЗИЯЛЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІ» ТАУАР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР
(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі қағидаттары. (жалғасы)

Шығыстар ақша қаражатының қашан төленгеніне қарамастан, тиісті тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алған сәтте ескеріледі және олар жататын кезеңдегі қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Қаржылық кірістер мен шығыстар

Қаржылық кірістердің құрамына инвестицияланған қаражат бойынша пайыздық кірістер енгізіледі. Пайыздық кіріс пайда болған сәтте пайданың немесе залалдың құрамында танылады және оның сомасы пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Қаржылық шығыстар қарыз қаражатын тарту кезінде туындайды. Пайыздық шығыс пайда болу сәтіндегі пайданың немесе залалдың құрамында танылады және оның сомасы пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Акционерлік капитал

Акционерлік капитал акцияларды орналастырудың бастапқы құны бойынша танылады.

Жұмыскерлерге сыйақылар

Компанияда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасынан басқа, жұмыс беруші мен қызметкерден салықтарды ұстап қалғанға дейін жалақының ағымдағы төлемдерінің пайызы ретінде есептелген ағымдағы төлемдерді енгізуді талап ететін зейнетақымен қамсыздандыру туралы қандай да бір келісімдер жоқ. Компанияның еңбек қызметі аяқталғаннан кейін төлемдер немесе есептеуді талап ететін басқа өтемақылар бойынша міндеттемелері жоқ.

Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша шығыстар жұмыскерлердің өздерінің еңбек міндеттерін орындауына қарай танылады.

Жалдау

Шарт жасасу сәтінде Компания келісімнің жалдау болып табылатынын не оның жалдау белгілері бар-жоғын бағалайды. Басқаша айтқанда, Компания шарт бойынша сәйкестендірілетін активтің пайдаланылуын белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтеуге айырбастауға бақылау жасау құқығы берілетін-берілмейтіндігін айқындайды.

Компания құны төмен активтерді жалдау бойынша жалға алушы ретінде

Компания пайдалану құқығы нысанындағы активті танудан босатуды және құны төмен активтерді жалдауға қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді қолданады. Арзан бағалы активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыстар ретінде танылады.

Шарт жасасу сәтінде Компания келісімнің жалдау болып табылатынын не оның жалдау белгілері бар-жоғын бағалайды. Басқаша айтқанда, компания келісім-шарт бойынша сәйкестендірілетін активті белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтеуге айырбасқа пайдалану.

Бағалау және шартты міндеттемелер, шартты активтер

Бағалау міндеттемелері Компанияда өткен оқиғаның нәтижесі ретінде ағымдағы міндеттемелер (заңдық немесе практикадан туындайтын) болғанда және бұл ретте міндеттемені орындау мақсатында экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың әкетілуінің жеткілікті ықтималдығы болғанда және осы міндеттеменің сомасын дұрыс айқындау мүмкіндігі болғанда танылады.

Шартты міндеттемелер қаржылық есептілікте танылмайды. Егер экономикалық пайда алумен ұштасқан ресурстардың ағылу мүмкіндігі шамалы болып табылмаса, олар ашылады.

Шартты активтер қаржылық есептілікте танылмайды. Экономикалық пайда ағыны ықтимал болып табылатын кезде шартты активтер қаржылық есептілікте ашылады.

Акцияға шаққандағы пайда

Акцияға пайда/(залал) жыл ішіндегі таза пайданы/(залалды) жыл ішінде шығарылған және айналыста жүрген жай акциялардың орташа өлшенген санына бөлу жолымен есептеледі.

Шетел валютасын қайта есептеу

Жеке қаржылық есептілік теңгемен берілген, ол Компанияның функционалдық валютасы және есептілікті ұсыну валютасы болып табылады.

